30 ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНЕ ЖЫЛ

# OTAN SAQSHYSY

QR UQK SHEKARA QYZMETİNİŃ APTALYQ GAZETİ

Часовой Родины

№ 27 (6010) 23 shilde 2022 jyl / Gazet 1943 jyldyń shildesinen shyǵady / shekaraknbkz / E-mail: os-shekara@yandex.kz

«ҚАРАСОРА – 2022» ОПЕРАЦИЯСЫ ҚАРҚЫН АЛУДА



2

**БАҒЫС.** Шекарашылар салған сүрлеу



5

«НАЙЗА» ОТКРЫТ ДЛЯ ВСЕХ



6

ЗА КРУГЛЫМ СТОЛОМ: ПСИХОЛОГИ И ПОЛИГРАФОЛОГИ



9

**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРА»**

# ШЕКАРАДАҒЫ ТЫНЫШТЫҚҚА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІЛДІ

**Ағымдағы жылдың 21 шілдесі күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының IV Консультативтік кездесуіне қатысу үшін Қырғыз Республикасының Шолпан-Ата қаласына ресми іссапармен барған болатын. Көршілес бес елдің басшылары жиналған бұл кездесуде Президент Қ.Тоқаев Орталық Азия елдері шекараларындағы түйткілді мәселелерді шешу жолдары туралы да сөз қозғады.**





Кездесу қорытындысы бойынша Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуінің бірлескен мәлімдемесі, көршілес елдер үшін маңызы бар бірнеше бағдарлама қабылданды.

Бұдан бөлек Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Орталық Азияны XXI ғасырда дамытуды көздейтін достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шарт келісілді және оған қол қою рәсімі болып өтті.

Орталық Азия елдеріндегі шекара мәселелері бойынша Қазақстан Президенті Қырғызстан мен Тәжікстан шекаралары арасындағы шиеленісті шешуге қатысты өз ұсыныстарын айтты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мемлекет басшылары өңірдегі әлі де сақталып отырған тұрақсыздық факторларын барынша жою үшін барлық мүмкіндікті жасауы керек.

– Мемлекетаралық шекаралардағы әрбір мылтық дауысының жаңғырығы екі елге ғана емес, бүкіл өңірге жағымсыз әсер етеді. Керісінше, дәл қазіргі дағдарыс жағдайында мемлекеттеріміз қайшылықтарды еңсеру ісінде өркениеттіліктің, жауапкершіліктің үлгісін көрсетуі тиіс. Шекараны заңды түрде рәсімдеу үдерісінің өте күрделі әрі қиын екенін өз тәжірибемізден білеміз. Даулы мәселелер шынайы тату көршілік пен халықаралық құқықтың іргелі қағидаттарына құрмет көрсету арқылы тек қана бейбіт жолмен шешілуі мүмкін. Бұның басқа жолы жоқ, – деді Президент.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қазақстан посткеңестік кеңістікте өзінің шекарасын толық делимитация жасаған жалғыз мемлекет ретінде өзара тиімді шешімдер іздестіруге барынша көмектесуге дайын екендігін алға тартты.

**Капитан Р.НҰРМЕТ,«OS-ЧР».**
**Сурет пен ақпараттар akorda.kz сайтынан алынды.**

**СПЕЦОПЕРАЦИЯ**





Проведенный анализ незаконного оборота наркотических средств, взрывчатых веществ, контрабанды, браконьерства и нелегальной миграции показывает, что Каспийский регион все чаще становится объектом противоправной деятельности.

# «ТОЛКЫН-2022»: барьер для злоумышленников

Пограничной службой Комитета национальной безопасности Республики Казахстан во взаимодействии с правоохранительными органами и государственными структурами, на постоянной основе проводятся оперативные и профилактические мероприятия по недопущению правонарушений в казахстанском секторе Каспийского моря.

С 15 июня по 15 июля т.г. Департаментом Пограничной службы по Мангистауской области совместно с Департаментом полиции, проведена морская пограничная операция «Толкын-2022».

Цель мероприятия – соблюдение установленных режимов в пограничном пространстве, упреждение и выявление каналов проникновения наркотических и взрывчатых веществ, проведение профилактической работы с местным населением.

Морские пограничники путем массированного применения сил и средств несли службу по охране государственной границы. В операции было задействовано более 10 пограничных кораблей и катеров, 2 вертолета, свыше 150 личного состава, специальные средства и служебные собаки.

*(Продолжение на 2-й стр.)*







# «ТОЛКЫН-2022»: барьер для злоумышленников

*(Продолжение. Начало на 1-й стр.)*

Пограничные корабли и катера производили сопровождение всех иностранных судов от государственной границы до захода в морские порты, где военнослужащими пограничного контроля осуществлялся их тщательный досмотр. Наряды от пограничных отделений совместно с участковыми полиции осуществляли проверку режима в пограничной зоне. Группами технического наблюдения велось круглосуточное радиолокационное наблюдение казахстанского сектора Каспийского моря. В пунктах пропуска на границе с Туркменистаном и Узбекистаном, а также в казахстанских морских портах наряды несли службы в усиленном варианте. Силами оперативной разведки проводилась работа по добыче значимой информации.

Результаты не заставили себя долго ждать. За период пограничной операции задержано и привлечено к административной ответственности 16 нарушителей режима территориальных и внутренних вод на 10 плавательных средствах, 5 нарушителей пограничного режима. Изъято более 1500 метров запрещенных сетей и 500 крючьев, выпущено в среду обитания 30 рыб осетровых пород. Наложено административных штрафов на сумму свыше 750 тысяч тенге. Предотвращенный ущерб составил более 9,5 миллионов тенге.

Стоит отметить, что военнослужащие Департамента Пограничной службы по Мангистауской области, используя имеющийся накопившийся опыт, военную смекалку и инициативу, постоянно совершенствуют способы и методы охраны границы. В рамках международных договоренностей производят взаимный обмен опытом с российскими коллегами и береговой охраной Турции.

– Нами разработана уникальная методика взаимодействия в звене «пограничный наряд - пограничный корабль (катер) - вертолет», «группа технического наблюдения - пограничный корабль (катер) - вертолет», что позволяет не только быстро обнаруживать и задерживать правонарушителей, но и оказывает сильное психологическое воздействие на них, - рассказывает первый заместитель начальника Департамента ПС КНБ по Мангистауской области капитан 1 ранга Данияр Мальчубаев. – Пограничный наряд, корабль, катер, вертолет или группа технического наблюдения, обнаружив плавательное средство в акватории моря, незамедлительно производят взаимообмен информацией. Это позволяет в кратчайшие сроки привести все силы в полную боевую готовность и задержать нарушителя.

По сравнению с предыдущими годами, наблюдается спад правонарушений в зоне ответственности Департамента. Постоянное патрулирование пограничных кораблей и катеров, круглосуточный радиолокационный контроль в акватории Каспийского моря, бдительное несение службы пограничными нарядами создает мощный барьер для браконьеров и контрабандистов. Высокие штрафы и уголовная ответственность ставит нелегальную деятельность бессмысленной и экономически невыгодной, что в конечном итоге заставляет отказаться от нее.

**Старший лейтенант А.ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».**
**Фото из архива редакции.**

**АРНАЙЫ ШАРА**

# «ҚАРАСОРА – 2022» ОПЕРАЦИЯСЫ ҚАРҚЫН АЛУДА



**АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 1 МАУСЫМЫНАН БАСТАП ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ БІРНЕШЕ АУМАҚТЫҚ ДЕПАРТАМЕНТТЕРІНДЕ «ҚАРАСОРА – 2022» ЖЕДЕЛ АЛДЫН АЛУ ОПЕРАЦИЯСЫ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР. ІС-ШАРАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ ШЕКАРАЛЫҚ АУМАҚТАРДАҒЫ ЕСІРТКІ АЙНАЛЫМЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ, ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

Қазіргі таңда ҰҚК Шекара қызметі департаменті әскери қызметшілерінің, ҰҚК және ІІМ өкілдері атсалысқан жедел алдын-алу операциясы негізінде аумақтық департаменттердегі жұмыстың негізгі қорытындысы төмендегідей деңгейді көрсетіп тұр:

ҰҚК Шекара қызметі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты жергілікті тұрғындардың жекеменшік тұрғын үйлері аумағынан табылған жалпы көлемі 13 мың түп қарасора шөптесін өсімдіктерінің аумағы шекарашылардың басшылығымен тазаланып, өртелген. Осылайша қарасора шөптесін өсімдігінен тазартылған жалпы аумақ – 5,5 гектар жерді құрайды.

Ал ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің аумағында жүргізілген жедел шаралардың негізінде «Аухатты», «Сыпатай батыр» және «Қордай» шекаралық бақылау бөлімдерінде жалпы салмағы 4,6 грамм «каннабис шайыры», 0,95 грамм «гашиш» және 0,54 грамды құрайтын «Марихуанна» есірткісін алып өтпек болған азаматтар құрықталды.

ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің аумағында жүргізілген жедел шара нәтижесінде Қызылорда қаласындағы жекеменшік үйлердің аумағынан жалпы көлемі 1 гектар жерден шамамен 2150 түп қарасора өсімдігі анықталған. Есірткі тектес өсімдікті өсіріп баптаған бір азаматтық тұлға ІІМ органдарына табыстапса, тағы екеуіне іздеу жарияланды.



Жоғарыда көрсетілген заң бұзушылық деректер негізінде ұсталған азаматтық тұлғалардың үстінен ҚР Қылмыстық кодексінің баптарына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

«Қарасора – 2022» жедел алдын-алу операциясы ағымдағы жылдың 30 қазанына дейін жалғасады.

**Капитан Р. НҰРМЕТ,«OS-ЧР».**
**Суреттер аумақтық департаменттерден.**

Казахстанские военные медики познакомились с опытом японских коллег

СОҒЫСТА НЕ ҚАЖЕТ, СОНЫ ҮЙРЕНЕМІЗ!
УЧИТЬСЯ ТОМУ, ЧТО НЕОБХОДИМО НА ВОЙНЕ!

# «Аптап пен жаңбыр алмасып...»

**ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылғанына 30 жыл толуына орай, ҰҚК Авиациялық қызмет басқармасының төрт әскери қызметшісі және ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің бөлімше бастығы майор Абай Сапаров Алматы – Нұр-Сұлтан бағыты бойынша велошеру ұйымдастырып, 1224 шақырымды басып өткені туралы газетіміздің осыған дейінгі санында жазған болатынбыз.**



Енді міне, аталған марафон да өз мәресіне жетіп, әскери спортшылар өздерінің қызметтеріне қайта оралды. Осыны пайдаланып, біз марафоншылардың бірі Абай Төлегенұлымен арнайы кездесіп, сұхбаттасқан едік. 2017 жылдан бері жеңіл атлетикамен айналысып, ұзақ қашықтықтағы марафондарға тұрақты түрде қатысып келе жатқан офицер әдемі өрілген әңгіме үстінде он бір күнге созылған велошеру туралы, жалпы өзінің өміріндегі тұңғыш мәртебелі сапардан алған әсері жайында сыр толғаған:

– Негізі, елордаға жасалған сапар – мен үшін көптен бері көкейден кетпей жүрген ой еді. Бұл туралы анам Майраш Есмахайқызы да білетін... Өкінішке орай, өзі ұлының марафонға қатысып, арманының орындалғанын көре алмады. Мен алдағы сапарға дайындалып жатқан кезде ауыр науқастан қайтыс болды...

...1 шілде де басталған велошеруге мен белгілі бір себептермен Боралдай елді мекенінің шекарасында қосылдым. Әрі қарай, 140 шақырымды еңсерген соң біз бірінші түнді Алматы облысының Қаншеңгел елді мекенінің аумағында өткіздік. Ас-суымызды өзіміз дайындап, далалық шатырдың астында ұйықтадық... Мұнан кейінгі күндер мен түндер де сайын даланың төсінде өтті. Бұл үшін біз алдын ала қамданып, өзімізбен бірге барлық керек-жарағымызды алып шыққан болатынбыз. Сондықтан жолда аса қинала қойған жоқпыз. Есесіне, бізді Алматы және Жамбыл облыстарының аумағындағы аптап ыстық қинаса, Қарағанды мен Ақмола өздерінің желімен, жиі жаңбырымен қарсы алды. Әсіресе қарсы соққан жел біздің күшімізді де, уақытымызды да алды. Нұр-Сұлтанға да жаңбырлатып кірдік...

Дегенмен, жолымыздың болғаны, біз жаңадан салынып жатқан тас жолдардың үстімен жүріп отырдық та шақырымдарды тез еңсердік. Әйтсе де, жолда бір қатысушының велосипедінің екі дөңгелегі де бірдей жарылып, тоқтауға тура келгені бар. Қалғандарымыздың қос аяқты көліктеріміз бізге қиындық туғызған жоқ.

...Жолда, бізді екі облыстың шекарасында, қаланың кіреберісінде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қарсы алып, сұхбат бердік. Шынымды айтсам, осындайда тілшілермен өзіңнің ұзақ сапарға Шекара қызметінің беделін көтеру, жастарды шекарашылар секілді патриот болуға шақыру үшін шыққаның туралы, болашақ жоспарың





жайлы бөлісу – ерекше әсерге бөлейді екен. Осыған дейін мен мұндайды бастан кешіріп көрмегендіктен, алғашында сәл тосырқап қалғаным бар....

Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің орынбасары Рүстем Рысқалиұлы бастаған менің жерлестерім құшақ жая қарсы алып, біздің сапарымызға сәт-сапар тіледі. Содан кейін Қарағанды қаласына жеткен кезімізде бізді қарсы алып, қошемет көрсеткен халықта есеп жоқ деуге болатын. Қолдарына тәуелсіз Қазақстанның аспан түстес жалаушаларын ұстап алған қала жастары біздің сапарымызға, біздің ойға алған ісімізге, бастамамызға шексіз құрмет көрсеткен.

Осылайша, он бір күнге созылған велошеруіміз де аяқталып, 11 шілде күні елордамызға жеттік. Дәл белгіленген уақытта. Кешіккен жоқпыз. Бізді қала шекарасында өзіміз секілді бір топ велосипедшілер қарсы алып, салтанатты шара өтетін жерге келдік. Мұнда бізді ҚР ҰҚК Төрағасының орынбасары бастаған жоғары лауазымды басшылар қарсы алып, біздің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 30 жылдығына орай ұйымдастырған марафонымызды жоғары бағалап, алғыс айтты. Сый-сияпат көрсетті.

Ертеңіне ұшақпен Алматы қаласына – еліміздің оңтүстігіндегі жүрегі жұмсақ, мейірімді астанасына ұшып келдік. Алматы – Нұр-Сұлтан қаласымен екі ортаға біз он бір күнімізді арнасақ, кері оралуымызға бір сағаттан сәл-ақ асатын уақытымыз кетті. Есесіне, марафоннан алған әсеріміз бен бастан кешірген қызықты оқиғаларымыз жетерлік... Тәжірибе жинадық. Ең бастысы, «Тәуекел түбі – желқайық, өтерсің де кетерсің» демекші, осыған дейін екі ойлы болған кезіміз артта қалып, біз өзіміздің алдымызға қойған миссиямызды орындадық. Сондықтан мен бүгін өзімнің ҚР ҰҚК-нің һәм Шекара қызметінің 30 жылдық төл мерекелерін ұлықтап, бір жағынан еліміздің жастарын салауатты өмір салтын ұстануды насихаттайтын тұңғыш марафонымды өзімнің аяулы анама арнаймын! Ұлының ауыр да ұзақ жолды еңсеріп, мақсатына жететініне сенгені және қолдау білдіргені үшін!

Сұхбатымыз осы жерге келгенде, сәл үнсіз қалған шекарашы офицер былай деді:

– Білесіз бе, бұл сапар мен үшін эксперимент іспетті. Спортты серік еткен өзге әріптестерімді де осындай қадам арқылы өздерін сынап көруге шақырамын. Өкінбейтіндеріне сенімдімін!

Иә, майор А.Сапаровтың аптап пен қалың жаңбырдың астында өткізген күндері мен түндері оқырманын ерлікке, романтикаға, табандылық пен шыдамдылыққа, өзін басқа қырынан тануға жетелейді. Демек, Шекара қызметінің тарихындағы тұңғыш марафон алдағы уақытта да өз жалғасын тапсын деген тұмса тілегіміз бар.

**Суреттерде: велошеруден көрініс.**

МЕРЕКЕЛІК РӘСІМ

# Ардагерлер марапатталды

**Осы аптада Алматы қаласының 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында ҰҚК Шекара қызметінің ардагерлерін марапаттау рәсімі өтті. Саналы ғұмырларын ел шебінің тыныштығына арнаған ардагерлерді ұлықтауға арналған мерекелік шараны қала тұрғындары да тамашалады.**

Еліміздің қауіпсіздігіне тікелей жауап беретін ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 30 жылдығы кең атап өтілгені белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, сөз сөйлеген мерекелік рәсімге ҰҚК Шекара қызметінің басшылық құрамымен бірге шекарашы ардагерлер де қатысқан болатын. Енді міне бүгін еліміздің оңтүстік астанасындағы батырлар саябағында өткен шара – соның заңды жалғасы іспетті.

Мерекелік рәсім Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталып, бірінші сөз кезегі шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы қалалық филиалының төрағасы запастағы генерал-майор М.Мажитовке берілді. Ағымдағы жылдың 18 тамызында құрылғанына 30 жыл толатын ҰҚК Шекара қызметінің аяғынан қаз тұрып, аз уақыттың ішінде қалыптасып кетуіне сүбелі үлес қосып, қолбасшылық лауазымдарда болған Марат Әлімжанұлы шекарашы ардагерлерді ҚР Ұлттық қауіпсіздік қызметінің төл мерекесімен құттықтап, 60-қа жуық ардагерге «ҚР ҰҚК – 30 жыл» мерекелік медалді табыс етті. Сонымен қатар, саңлақ сардарларымыздың бірі «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы отставкідегі генерал-майор Т.Уажановтың бұйрығымен, «Шекараның құрметті ардагері» кеуде белгісімен марапатталғаны туралы сүйінші хабар жетті. Бірқатар шекарашы ҰҚК Шекара қызметі Директорының грамотасымен марапатталса, 12 ардагердің әскери кителінің өңіріне «ҚР Қарулы Күштеріне – 30 жыл» мерекелік медалі тағылды.



Айту керек, бүгінгі мерекелік рәсімде тек шекарашы ардагерлер ғана марапатталған жоқ. Шекара қызметінің Алматы қаласында тұратын ардагерлерімен тығыз байланыста болып, үнемі қолдарынан келген көмектерін аямайтын ҰҚК Әскери госпиталінің басшыларымен бірге Алматы облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары полковник А.Муналбаев мерекелік медалдің иегері атанды.

Шекарашы ардагерлерге тамаша көңіл-күй сыйлаған басқосудың бұйдасын ұстаған Марат Әлімжанұлы өз кезегінде ҰҚК Шекара қызметінің 30 жылдығына арналған 30 акцияның старт алып, бүгінге дейін бірнеше шараның ұйымдастырылғанын атап өтті. Лайықты бағасын беру керек, қолға алынған мерекелік шаралар Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне де тиесілі. Шекарашы ардагерлермен тығыз қарым-қатынас орнатып, патриоттық шараларды бірлесіп өткізуді терең дәстүрге айналдырған аталған департаменттің жеке құрамы қазіргі кезде «Застава тарландары» РҚБ Төрағасының кубогын сарапқа салатын турнирге қатысып жатыр. Жеңіске жеткендерді кубокпен бірге бағалы сыйлықтар да күтіп тұр.

Рәсімге қатысушылар шара соңында Мәңгілік алаудың басында естелік суретке түсті.

**Бетті дайындаған журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.**

OTAN SAQSHYSY
ЧАСОВОЙ РОДИНЫ

# «БҮГІНГІ ЕВРАЗИЯ – КЕШЕГІ СУРЕТПЕН»



**Күндер зулап, сағаттар сырғумен міне ҰҚК Шекара қызметіне де отыз жыл толды. «Отызында орда бұзбасаң, қырығында қамал алмайсың» – деген сөз бар. Осы тұста Шекара қызметі де отыз жыл ішінде орда бұзып, өзіне қамал соқты десек артық айтқанымыз болмас. Өзге елдермен шекарамыз нығымдалып, шекарашыларымыз сапқа тұрды. Осынау отыз жыл ішінде Шекара қызметінің өзінің тарихы мен оқиғалары аз емес. Әрбір бөлімшелердің құрылғаны жөнінде өзіндік тарихы мен кезеңдері бар екені хақ.**



Біршама қиындықты басынан өткеріп мемлекеттік шекараны қорғауда аянбай қызмет атқарып келе жатқан ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаменті «Евразия» шекара бөлімшесі туралы сөз қозғауды үйғардым. 2011 жылы іргесі бой көтерген бұл бөлімше, алғашында бір ғана шағын үй болған деседі. Жаз айында күннің ыстық кезінде құрамында алты адам бар бөлімше бүгінгідей заманауи болып қалыптасатынына күмәнмен қараған қызметкерлер болғаны жасырын емес. Пешной елді мекенінде орналасқан бөлімше қызметкерлері сол маңдағы шаруа қожалықтарымен етене жақын қызмет атқарды. Себебі алғашқы уақытта ауыз су, жол сынды тұрмысқа керекті дүние болмаған. Тек бір ғана Каспий теңізін бақылау құрылғысымен жұмысын бастап кеткен болатын.

Архив суреттерді қарап отырсақ алғаш болып қаланған үйдің ірге тасының жұмысын шекарашылардың қуанышпен жасап жатқанын аңғаруға болады. Сол қуаныштың жемісі бір шағын ғана үймен қойма қаланды. Алғашында «Большая Дамба» деп аталып ашылған. Канат Текегалиев (бүгінде подполковник) бастаған басшылық құраммен «Евразия» бөлімшесінің негізі қаланды десек артық айтқанымыз емес.

Алғаш келіп орналасқан шекарашыларға маңайындағы шаруа қожалықтары барынша көмек қолын созған. Содан болар бөлкім жергілікті халық арасында бөлімше жанындағы қожалықты «шекарашы қожалық» деп атап кеткені. Тосыннан келген жайтқа қарсы тұру үшін застава маңындағы айналдыра қазылған алғашқы траншеяларға күрегі тиген адамды таба алмасақта сол жайында сыр шертіп тұрған суретті таптық. Суретте шекарашылар болашақ «Евразия бөлімшесінің» алғашқы қорған қамалын дайындап жатқанын көруге болады.

2018-2019 жылдар аралығында «Евразия» бөлімшесі толықтай модульдік бөлімшеге ауыстырылды. Бұл шекарашылар үшін үлкен қуаныш болды. Заманауи жабдықталған модульдік бөлімшеде барлығы қарастырылған. Алайда бөлімшелер ішіндегі қала маңына ең жақыны осы Евразия болғанымен, бүгінгі күнге дейін тоқ көзін алу үшін арнайы дизельдік генератор көмегіне тәуелді. Өткен жылдың қыс айында генератор түнгі уақытта істен шығып, жөндеу жұмысы бір күннен асатын болды. Сол уақытта түнгі сағат үштердің шамасында "Евразия" бөлімшесіндегі қызметкерлер толықтай эвакуацияланды. Талай тосыннан келген жағдайларды оңынан шешіп, ел шекарасын қорғауда үлкен үлес атқарып келе жатқан "Евразия" бөлімшесінің жауынгерлік дайындығы жоғары. Жергілікті әкімдікке "Евразия" бөлімшесін тоқпен қамтамасыз ету бойынша сұраққа, жақын араға жоспарлап жатырмыз, – деген жауап алған болдық. Ия, шекарашының әрбір күні қызықты әрі қайталанбас сәттерге толы. Сондай оқиғаларды басынан өткізіп келе жатқан Евразияның тоқ көзін тарту жолындағы ерлік дастаны әлі жалғасып келеді.

**Аға лейтенант Ө. АЙТӘЛІ, «OS-ЧР». Сурет Атырау обл. бойынша департаментінен.**

# БРОНИРОВАННУЮ ТЕХНИКУ ПОСТАВЯТ В КАЗАХСТАН В 2023 ГОДУ



**Министр обороны Республики Казахстан Руслан Жаксылыков рассказал о развитии оборонно-промышленного комплекса страны. В частности, о приобретении бронированной колесной техники (БКМ) в интересах Вооруженных сил, передает Zakon.kz.**

С 2016 года у ТОО «Казахстан Парамаунт инжиниринг» (ТОО «КПИ») приобретено 138 единиц БКМ «Арлан» 6х6.

В 2022 году будет поставлено 10 единиц БКМ «Арлан», а в 2023 году планируется поставить еще 20 единиц БКМ «Арлан» с боевыми модулями. То есть общее количество приобретенных БКМ «Арлан» 6х6 в интересах Вооруженных сил достигнет 168 единиц, что в денежном выражении составляет более 82 млрд. тенге.

В настоящее время совместно с ТОО «КПИ» прорабатываются перспективные специальные машины на базе БКМ 4х4.

Так, подготовлено и планируется рассмотреть на заседании внутриведомственного совещательного органа (координационный совет) техническое задание на производство машины управления огнем артиллерии.

В случае определения БКМ 4х4 производства ТОО «КПИ» в качестве базовой машины будет рассмотрен вопрос приобретения 18 единиц такой боевой техники.

Также национальным проектом «Безопасная страна» предусмотрено мероприятие по производству машины радиационной, химической и биологической разведки на базе БКМ «Арлан» со сроком реализации в 2025 году. Потребность в машинах этого типа составляет 55 единиц. Силами ТОО «КПИ» в 2021 году проведено сервисное техническое обслуживание 60 единиц БКМ «Арлан» Вооруженных сил.

Наряду с этим в рамках оснащения Вооруженных сил БКМ 8х8 в период с 18 апреля по 30 мая 2022 года проведена повторная опытная войсковая эксплуатация бронированной колесной машины 8х8 «Барыс» производства ТОО «КПИ».

На заключительный этап мероприятия в рамках межведомственного взаимодействия были приглашены представители Национальной гвардии и Пограничной службы КНБ.

**Статья И.ЛУКИЧЕВОЙ.**

» «Жас сарбаз» балалар әскери-патриоттық лагері ашылды

# БАҒЫС.
## Шекарашылар салған сүрлеу





**Бас редактор бағанынан меншікті тілшілерге Шекара қызметінің 30 жылдығына байланысты өзекті мақала жазу тапсырмасы қойылған болатын. Осы сәтте көз алдыма былтырғы жылы «Qazaqstan» ұлттық телеарнасы түсірген №9 атты деректі фильм көз алдыма келді. Қазақ-өзбек шекарасына таяу орналасқан Бағыс елдімекенінде жарты күнге жуық түсірілім жұмыстары жүргізілген-ді. Ашылғанына он екі жыл ғана уақыт болса да шекара бөлімшесінің тындырған жұмысы баршылық. Осы орайда уақытында «Бағыс» шекара бөлімшесін бірінші басқарып, қазіргі кезде Жамбыл облысы бойынша департаменті Меркі ауданы бойынша шекара басқармасының бастығы подполковник Саят Ахтановпен жүргізген сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.**

**- Подполковник мырза, ең алдымен оқырмандарымызға қызықты болуы үшін өзіңіз басшылық еткен сол кездегі «Бағыс» шекара заставасының құрылу тарихын айтып берсеңіз.**

- Көп рахмет! Ол уақытта екі ел арасындағы сауда-саттық, бару-келу тәртібі біртіндеп ретке келіп жатқан еді. Жалпы сол кездегі «Бағыс» шекара заставасының (бөлімшесінің – авт.) аумағы «Қақпақ» шекара бөлімшесінің оң жақ, «Красный водопад» шекара бөлімшесінің сол жақ қапталында орналасқан болатын. Бөлімшенің құрылу тарихына келсек шекарашылар жергілікті халық арасындағы контрабандашыларды ұстау барысында қару қолданылып адам шығыны болды. Осындай қайғылы жағдайдың алдын алу және контрабанданың жолын кесу мақсатында Бағыс шекара бөлімшесі ашылды. Оны ашу идеясы «Оңтүстік» өңірлік басқармасының сол кездегі бастығы полковник Т.Стамбековке тиесілі, тікелей сол кісінің шешімі болды.

***– Шекара заставасынан шыққан ең алғашқы шекара наряды, жалпы алғашқы қадамдар барысындағы қандай қиыншылықтарды бастан өткердіңіздер?***

– «Бағыс» шекара бөлімшесі өзінің ең алғашқы жауынгерлік қызметін 2010 жылдың 15 ақпаны күнгі сағат 20:00 ден бастады. Жеке құрам үшін басты қиындықтың бірі үй-жайдың болмауы. Бөлімше бастығынан соңғы сарбазға дейін далалық шатырда күнелттік. Шекарашы мамандығын таңдаған соң қиындықтар туралы сөз қозғау ыңғайсыздау болар, ал көзбен көремін деген адам үшін тарихи фотолардың өзі біраз нәрсені айтып-ақ тұр...

***– Мұрағаттағы суреттерге қарап сіздің ең алғашқы кеңсеңіз бен жеке құрамның жатын орны далалық шатыр болғанын аңғаруға болады. Күннің аптап ыстығы мен қыстың суығында шекарашылар қалай күнелтті?***

- Иә, жеке құрамның жатын-жайы ретінде 40 адамға лайықталған далалық шатыр құрылды. Сарбаздар тоңбауы үшін ортаға темір пеш қойып, арасында от жағып тұратынбыз. Одан соң тағы бір шатырды ортасынан бөліп асхана мен азық-түлік сақтайтын орын жасалды. Одан соң қалған далалық шатырлар менің кеңсем, байланыс кезекшісінің қызмет орны мен қару сақтайтын бөлме, жуынатын бөлме, жеке тәрбие жұмыстарын жүргізуге арналған бөлмелер болды. Жергілікті халықпен етене араласып, қолда бар мүмкіндіктермен өмір сүрдік. Шекаралық аумақ таулы ауданда орналасқандықтан қыстың ызғары қатты еді, ал жазды түні резеңке шатырда өмір сүруді өздеріңіз көз алдыларыңызға елестетіп көріңіздер... Сондай қиындықтарға қарамастан жеке құрам ұйымшыл, алдыңғы шепте болды.

***– Сол кездегі «Бағыс» шекара заставасы басшылығы (жеке құрамы) мен жергілікті халық арасындағы қарым-қатынас қандай деңгейде болды? Тұрғындар мемлекеттік шекара бұзушыларды ұстауға көмек қолын созатын ба еді?***



ТӨЛЕБИ АУДАНЫ ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫ «БАҒЫС» ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІ 15 АҚПАН 2010 ЖЫЛ.



ТӨЛЕБИ АУДАНЫ ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫ «БАҒЫС» ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІ МАУСЫМ 2019 ЖЫЛ.

– Оңтүстік халқы болмысынан өте ұйымшыл келеді ғой. Ең алғаш заставаның іргесі қаланған тұста жергілікті тұрғындардың тарапынан көп көмек болды. Жасы үлкені, кішісі бар заставаның қабырғасын қалауға қысты түні суыққа қарамастан қолғабыс жасады. Ауыл әкімшілігі, мектеп директоры барлығымен жақсы қарым-қатынаста болдық. Белгіленген кестеге сәйкес халықпен кездесулер ұйымдастырып, бірлесе шекараны қорғаудың жолдарын түсіндірдік. Оның нәтижесін қызмет барысында көрсеттік те. Жас ұрпаққа Отан қорғауды насихаттау мақсатында «Шекарашының жас досы» атты үйірмеміз де өз жұмысын атқарып тұрды. Жалпы жергілікті халыққа айтар алғысым шексіз деп айта аламын.

***– Мемлекеттік шекараны күзету барысында қандай да бір тосын оқиғалар орын алды ма? Немесе сіз басшылық еткен уақытта шекара заставасы қандай жетістіктерге жетті?***

– Біздің аумақ контрабандалық тауарларды өткізуге өте ыңғайлы болғанын сөз басында атап өттік. Шекара заставасы аумағынан азық-түлік, түсті металл сынықтары, көрші елде өндірілетін жеміс-жидектер ұсталатын еді. Сол кезде арзан жұмыс күші ретінде көрші елден заңды-заңсыз жолмен адамдар өте көп келетін.

Біздің шекара заставасы аумағына жақын маңда «Қапланбек» шекаралық бақылау бөлімі жұмыс жасайтын. Ол кездегі жұмыс тәртібі бойынша бөлім түнгі уақытта жұмысын тоқтатады. Осы уақытты пайдаланып біздің елімізге заңсыз өтпек болған көрші елдің 21 азаматын құрықтадық. Тыл жақтан келген шекара наряды мемлекеттік шекара сымын кесіп өткен өзбек азаматтарының заңсыз әрекетіне осылайша тоқтау салдық. Бұл застава тарихындағы ең ірі заң бұзушылық әрекет болғанын айтқым келеді.

***– Осы «Бағыс» шекара заставасындағы офицерлік қызметіңіз барысында сіз және сіздің жеке құрам жоғары басшылық тарапынан қандай да бір көтермелеулер алды ма?***

– Бүгінгі күні шекара басқармасының бастығы лауазымында болсам да күні кеше Бағыстағы шекарада өткен күндерді ұмыту мүмкін емес. Өз уақытында шекара отрядындағы «Қапланбек» пен «Бағыс» шекара заставалары алдыңғы позицияда тұрғанын шекарашылар қауымы біледі. Аумаққа шыққан шекара наряды бос қайтпайтын. Күніне кем дегенде бір шекара бұзушы немесе орта көлемдегі контрабанда ұсталатын.

Ал енді көтермелеуге келсек: Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғаудағы қырағылықтары үшін бөлімшемдегі сарбаздар он тәуліктік қысқа мерзімді демалыс, ведомостволық медальдармен наградталды. Жоғары басшылық біздің қызметтегі жетістігімізді бағалап, ҰҚК Шекара академиясына магистратураға түсуге жолдама берді. Оқимын, өз-өзімді дамытамын деген офицер үшін бұл өте жақсы мүмкіндіктердің бірі деп есептеймін.

***– Кешегі мен бүгінгі таңдағы шекарашылардың өмірін салыстырып бере аласыз ба?***

– Күні кеше далалық шатырда күнелткен шекарашылардың бүгінгі жағдайын жаман деп айта алмаймын. Ең қиын деген бөлімше қазіргі таңда жиналмалы модульдік үй-жайда тұрады. Одан бөлек қазіргі қару-жарақ, автокөлік одан қала берді заманауи дрондар офицерлердің уақытын үнемдеуіне мол мүмкіндік береді. Ғылым мен білім дамыған заманда адамның мүмкіндігі молая түсуде. Бұл мүмкіндіктер Шекара қызметіне де келіп жатыр, сондықтан кешегі өткен күн тарих екендігін мойындамастан басқа амал жоқ. Ал екі кезеңді салыстыратын болсақ, айырмасы жер мен көктей дер едім.

***– Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңыз үшін көп рақмет!***

**Капитан Р.НҰРМЕТ, «OS-ЧР».**
**Суреттер редакция мұрағатынан.**

Эстониядағы достарына армияда бірге қызмет етуге рұқсат етілді

# Пресногорьков ауылдық округінің әкімі Сергей Щербак: «АУЫЛ ӨМІРІНДЕГІ ШЕКАРАШЫЛАРДЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК...»

Шекара сақшыларының әу бастан-ақ жергілікті тұрғындар арасындағы беделі жоғары. Өздері үлкен құрметке ие. Бір мекенді қоныс еткен шекарашылар мен жергілікті тұрғындардың «Тонның ішкі бауындай» бірлікпен өмір сүруі – ауыл өмірінің шырайын аша түсетіндей. Себебі олардың бірлесе өткізген түрлі шаралары қашанда бір-бірінсіз жоғары деңгейде ұйымдастырыла алмайтыны белгілі.

Шекара шебіндегі журналистік іссапар кезінде сәті түсіп, Пресногорьков ауылдық округінің әкімі Сергей Щербак пен сұхбат жүргізген едік.



***- Сергей Александрович, шекара аймағында орналасқан елді мекенде басшылық қызметтесіз. Соған орай шекарашылармен көп жағдайда қызмет барысында жолығысып отырасыздар. Ауыл өміріндегі шекара сақшыларының рөлі туралы, жалпы жұмысы туралы айтып отырсаңыз?***

- Пресногорьков ауылдық округінің әкімі лауазымына ағымдағы жылдың сәуір айында ғана тағайындалдым. Азғантай уақыт десек де, жұмыс барысында көп нәрсеге көзім жетіп үлгерді. Ауылымыз шекара шебінде орналасқандықтан жай өңірлердің қатарына жатпайтыны белгілі. Мен де бұған дейін әскери шен бойынша көтіріліп, иыққа пагон таққан адаммын. Запастағы «подполковникпін». Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қатарында қызмет атқардым. Сондықтан да мен үшін әскери қызметтің қиындығы мен күрделілігі етене таныс. Жауынгерлік қызмет, әскери қызметке деген жауапкершілік дегендер менің де басымнан өткен. Шекара сақшыларының қызметінің жүгі өте ауыр деп айтсам да болады. Олар туған жерінің, қала берді тұтас мемлекетіміздің қауіпсіздігін күзетіп жүр. «Сырт көз сыншы» демекші, жасыл күнқағарлылардың қызметтеріне деген адалдықтарын сырттай көріп болсада, қанық болып жүрмін. Жұмыстарына жергілікті тұрғындар да, мен де өте ризамыз. Өз басым кабинетте көп отырғанды жақсы көрмейтін азаматтардың бірімін. Көптеген түйткілді мәселелерді шешу үшін көбінесе ауыл ішін, шалғайда тұрған бөлімшелерді аралап жүремін. Сол кезде адамдармен жұмыс барысында жолығамын, сұхбаттасамын. Олардың шекарашыларға деген алғыстарын көп естимін. Шекара сақшылары жауынгерлік қызметтен қолдары босай қалған кезде жергілікті халыққа көмек қолын созуға әзір тұрады. Қысқы борандар салдарынан болатын күрттік қарларды қам көңіл жандардың аулаларын тазарту жұмыстарын ұйымдастырады. Ал көктемгі су тасулар мен бөгет қою жұмыстарына да қолдарынан келген көмектерін аямайды.

«Ақбалшық» шекара бөлімшесінің басшылық құрамы мен жеке құрамына округтің әкімі ретінде шексіз алғысымды білдіргім келеді. Себебі олар әрқашан қолда бар мүмкіндіктерін салып, бірге жұмыс жасауға әзір.Мүмкіндіктері шектеулі жандарға қол ұшын беріп, тұрмыстық жағдайларында кездесетін шаруаларын шешіп беруде қастарынан табылады. Ауылымызда ұйымдастырылатын түрлі шараларға да белсенді қатысады. Қатарларында спортты жанына серік еткен жауынгерлер өте көп. Мен мұның бәрін қызыл сөз үшін мақтап жатқан жоқпын. Сөздің шындығы сол.

***-Ауыл жастарының әскери қызметке деген көзқарастары қалай? Олар Отанға адал қызмет етуге әзір ме?***

- Ауыл жастарын әскери қызметке үгіттеу жұмыстары да назардан тыс қалып көрмеген жұмыстардың бірі десем де болады. Қостанай облысы бойынша департаментінің кадрлық қызметтерімен де тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасаймыз деп толық айта аламын. Өткен айда кадрлық қызметтен келген әскери қызметшілермен көптеген кешенді шараларды ұйымдастырдық. Шара барысында ауыл мектебінің жоғары сынып оқушыларымен кездестік. Жастармен жұмыс барысында мектептің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Сергей Коваленкомен бірге жұмыс жасадық. Мектептің түлегі атанғалы тұрған әр жоғары сынып оқушысының алдында мамандық таңдау бойынша өмірдегі үлкен таңдау тұратыны белгілі. Біз оқушыларға Шекара қызметінің офицерлерінің қатарына келуге үгіттедік. Шекара академиясына оқу үшін құжатты жинау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Сонымен қатар, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, әскери қызметке, соның ішінде шекара сақшысы атануға шақырдық. Әскери қызметшілерге берілетін әлеуметтік жеңілдіктерді де атап өттік.

***- Шекара сақшыларымен біріккен жұмыстарды ұйымдастыру бойынша жоспарларыңызбен бөліссеңіз?***

Келер күндері де «Ақбалшық» шекара бөлімшесінің жеке құрамымен дәл осындай достық қарым-қатынаста жұмыстарымызды жалғастыра беретініміне кәміл сенемін. Шекарашылармен бірге ұйымдастырған жұмыстар өз нәтижелерін беріп келеді. Жергілікті тұрғындармен Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік шекара туралы» Заңын түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастырып тұрамыз. Біз үшін ауыл өміріндегі шекарашыларды орны бөлек.

- Шекара қызметінің құрылғанына толғалы отырған 30 жылдық мерейтойларымен жеке құрамының барлығын шын жүректен құттықтаймын. Біз шекара шебінің берік қолда екеніне сенімдіміз. Айбынды шекарашыларымыздың халық арасындағы беделі асқақтай берсін. Тәуелсіз еліміздің шекара шебі елім деген жауынгерлермен тола берсін!

***- Сұхбатыңыз үшін Сізге үлкен рахмет! Жұмысыңызға табыс тілеймін!***

**Майор М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.**

МЕСТО СЛУЖБЫ КПП

# «НАЙЗА» ОТКРЫТ ДЛЯ ВСЕХ

**В связи со стабилизацией эпидемиологической ситуации в Республике Казахстан, после двухлетнего перерыва, с 11 июля текущего года возобновили работу автомобильные пункты пропуска на государственной границы с Российской Федерацией и Республикой Узбекистан, которые прекратили свою деятельность из-за пандемии коронавируса. Соответствующее решение приняла Межведомственная комиссия по недопущению распространения коронавирусной инфекции на территории Республики Казахстан.**

На участке Департамента Пограничной службы КНБ по Павлодарской области - это-автомобильный пункт пропуска «Найза», граничащий с Алтайским краем Российской Федерации. Стражи границы приступили к пропуску лиц, транспортных средств, грузов и товаров.

По статусу пункт пропуска «Найза» является двухсторонним, с дневным режимом работы. С начала возобновления работы пропущено более двух тысяч человек, при этом выявлено 2 гражданина Республики Казахстан с недействительными документами. Основной поток пересекающих границу составляют туристы, следующие в Российскую Федерацию.

Напомним, что во время пандемии коронавируса, с 11 мая 2020 года до улучшения санитарно-эпидемиологической ситуации, временно ограничено пересечение государственной границы иностранцами и лицами без гражданства. Исключение составляли лица, пересекающие границу согласно пунктам «Порядка пересечения Государственной границы Республики Казахстан на период карантинных ограничений». Из-за закрытия сухопутной границы, попасть в соседние страны можно было только в определенных случаях либо самолетом.

Также, на границе с Российской Федерацией возобновили работу следующие автомобильные пункты пропуска: «Кондыбай», «Акбалшык», «Кызыл Жар», «Жезкент», «Байтанат», «Коянбай», «Орда», «Шаган», «Карашатау».



Теперь, граждане, как и в прежние, до пандемии времена, могут пересекать границу по документам удостоверяющим личность.

Чтобы не допустить распространение коронавирусной инфекции среди населения страны Министерство здравоохранения рекомендует гражданам своевременно проходить вакцинацию и ревакцинацию против Covid-19.

**Майор А. БАГДАТОВА, «OS-ЧР». Фото ефрейтора Т.КАИРБАЕВА.**

Силы Воздушной обороны РК планируют пополнить ряды беспилотников турецким оборудованием

# САМУРАЙ, ІЗГЕ ТҮС!



**«Барлау іздеу тобы» шекара нарядының құрамына бірінші рет шыққан аға сержант Виктор Максимюкке аға лейтенант Е.Аймұрзаев тез арада Самурай қызметтік итін ізге түсіруіне бұйрық берді. 2009 жылғы күз айларының бірі еді. Қызметтік иттердің аға нұсқаушысы лауазымына тағайындалғанына да көп болмаған шекара сақшысы дереу түрде төрт аяқты серігін жетектеп, шекара шебінің тәртібін бұзғандардың ізіне салды...**

Шекараның сілтідей тынған тыныштығын бұзған жағдай келесідей өрістеген болатын. Шекара бөлімшесінен шыққандарына бірнеше уақыт өткен бір топ шекара нарядының мемлекеттік шекараға жақын маңды күзетіп жүргендеріне біраз уақыт өтті. Көбінесе олар бой тасалап, қалың теректер мен өңі сарғыш тарта бастаған қалың шөптерді тасалайды. Әр дыбыс пен әр қозғалыс шекара сақшыларының басты назарында. Шекара қызметінің жұмысына әбден төселіп алған қызметтік ит Самурайда демін ішінен алатындай. Ол да артық дыбыс шығармауға тырысады.

Шекара нарядының бір жерде ғана отыра бермей шекара сызығын бойлай жүретіні белгілі. Сол әдеттері бойынша сақшылар алға қарай жылжи бастады. Бір уақытта гүрілдеген көліктің дауысы алыстан еміс-еміс естіле бастады. Әліптің артын баққан әскери қызметшілер қалың шөптің ішіне жасырына қойды. Сол кезде екі отандасымыз мінген көлік те көз ұшындай алысқа барып маторының жұмысын тоқтатты. Машинадан секіріп түсіп, көлікке тиелген үлкен ала сөмкелерді жерге лақтыра бастады. Дүрбімен бәрін бақылап отырған жасыл күнқағарлылар үшін шекара бұзушыларының мұндай әрекеті айдан анық еді. Ендігі кезекте олар ширақ қозғалып, тиеп әкелген халықтық тұтыну тауарларын шекарадан заңсыз асыруға талпынатындары белгілі. Не болсада осы мезетте оларды қылмыс үстінде қолға түсіруді бекінген нарядтың жетекшісі жеке құрамға жүктерін түсіріп жатқан екеуге тура жүгіруге бұйрық берді. Қалың шөптің арасынан сап ете қалған бұларды көрген көлік иелері тіл қатуға келместен қалың шөп пен орманды бетке алып қаша жөнелді. Шекара бөлімшесінің бастығы байланыс құралы арқылы қалған жеке құрамды «Дабыл» пәрменімен көтерді. Белгісіз жандардың жүрген учаскеге торуыл қоюға бұйрық берді. Иесіз қалған көліктің қасына келген бойда аға сержант В. Максимюкке Самурай қызметтік итін ізге түсіру керектігін айтты. Самурай да осы пәрменді күтіп тұрғандай тұмсығын жерден алмастан, бой тасалағандардың бағытына жүгіріп келеді. Оның артынан шекарашылар да жылдамтата ілесе жөнелді. Араға көп уақыт өтпей, еліміздің екі азаматының жасырынған жері иісшіл иттің арқасында табылып, қолға түсті. Осы жолғы шекара бұзушысын қолға түсіру дерегі – аға сержант В. Максимюктің жауынгерлік қызметіндегі тұңғыш оқиғасы еді.

Одан кейін де шекарашы қызметте Канди, Хантер қызметтік иттерімен жұмыс жасады. Мамандығын жанындай жақсы көретін аға сержант В.Максимюк бірнеше рет мемлекеттік шекараны бұзуды талпынғандардың жолдарына тосқауыл бола білді. Оның құрықтаған азаматтарының ішінде халықаралық деңгейде іздеуде тұрған қылмыскерлер де болды.

Маңдай терді төккен жұмыстың қашан да өз бағасын алары сөзсіз. Сол сияқты бүгінгі мақаламызға арқау болып отырған «Ақбалшық» шекара бөлімшесінің қызметтік иттердің аға нұсқаушысы аға сержант Виктор Максимюк те бірнеше рет Шекара қызметінің басшы құрамының құқығымен марапаттарға ие болған шекара сақшысы!

Жасыл қарағайы мен шыршасы, аршасы мен қайыңы тербелген табиғатты қызықтап шекараға бет ала әскери көлікпен жүйткіп келеміз. Айналаға қараған күйі сұлу өңірдің иесі атанған қазағымның бағына іштей шүкіршілік айтамын. Жанардың жауын алған көркемдікке іштей таң қаламын. Әне бір жердегі бір топ аққайыңның сыртқы келбеті – кәнігі суретшінің айлар бойғы еңбегінің арқасында салынған картинасының түпнұсқасы дерсің... Ал ауасының тазалығын сөзбен айтып жеткізудің өзі бір бөлек дүние. Тамаша! Ұрпағына осындай байлығы мен табиғаты жарасқан құтты мекенді иелікке қалдырған ата-бабамызға мың алғыс. Ендігі кезекте бізге – шекара сақшыларына Отанымыздың мемлекеттік шекарасына сызат түсірместен күзету сияқты үлкен міндет тұр.



# ШЕКАРАНЫ ҚЫРАҒЫ КҮЗЕТЕТІН БӨЛІМШЕ

Қостанай Департаментіне қарасты «Ақбалшық» шекара бөлімшесінің негізі 2001 жылы қаланған. Иықтарына қару ілген шекара сақшыларын алғаш көрген жергілікті халық оларға басында үрпиісіп қарағаны шындық. Себебі, бұған дейін төрт түлік малы өрісінде еркін жайылған тұрғындары үшін, мемлекеттік шекараның сақшылары әскери көлікке мініп күні-түні ел шетін күзетіп, халықпен шекара шебі туралы жиындарын өткізе бастағанда ел санасында белгілі бір шарбаққа «қоршауда» қалғандай сезімде болған еді.

Ал бүгінгі күні бәрі мүлдем басқаша. Шекарашылар мен аудан, ауыл жұртшылығының арасында тығыз қарым-қатынас орнаған. Ел мен шекара сақшылары болып жыл он екі ай бойы мемлекеттік мейрамдарға арналған көлемді шараларларды бірге ұйымдастырады. Әскери қызметшілер мемлекеттік қызмет ұйымдарының бастамасымен алға тартылған барлық іс-шаралардың басы-қасынан табылады.

«Ақбалшық» шекара бөлімшесіндегі журналистік іссапар кезінде әскери ұжымның басшысы капитан Азамат Жамбылбекұлы бөлімше туралы білетін ақпаратымен бізбен бөлісті.

2013 жылы жаңа ғимаратқа көшкен шекара заставасының жеке құрамының күшімен қызметтік иттерге арналған орын-жай, әскери техникаларды қоюға арналған орын, спорт қалашығы, саптық аландар салыныпты. Қазіргі кезде Қостанай Департаментінің маңдайалды бөлімшелерінің біріне айналған әскери ұжым 2017 жылдың қорытындысы бойынша «Солтүстік» өңірлік басқармасының құрамынан I орынды, 2018 жылы II орынды жеңіп алыпты. Жеке құрам үстіміздегі жылдың қорытындысы бойынша да алдыңғы қатардан көрінетіндіктеріне сенімді. Себебі, үнемі қырағы қызметтерімен көрініп жүрген шекара бөлімшесі 2017 жылы он екі шекара тәртібін бұзушыны анықтаған. Олардың ішінде екеуі шекара бұзушылар болса, оны шекара режимін бұзғандар. 2018 жылы он төрт шекара тәртібін бұзушылардың жолын кескен. Олардың біреуі шекара бұзушы, қалған он үші шекара режимін бұзушылар. 2019 жылдың қорытындысында он рет шекара режимін бұзуға талпынғандарды тұзақтаған. Ал одан кейінгі жылдары да жауынгерлік қызмет бойынша осындай көрсеткішті жалғастырып келеді. Ең бастысы мемлекеттік шекараны заңсыз бұзам деген адамдардың барлығы дер кезінде қолға түсіп, заң алдында жауапкершілікке тартылуда. Ақбалшықтық шекара сақшылары күзетіп жүрген аумақта шекара шебінің бұзылуы мүмкін емес. Өйткені шекара бөлімшесінде қызметіне адал, жұмысын өте жақсы білетін сайыпқырандар ғана қызмет етіп жүр.



Офицерден қолға түскен шекара шебінің тыныштығын бұзғандар туралы сұрадық. Бір оқиға келесідей өрбіген. «Шекара сақшысы» шекара нарядында болған шекарашылар Ресей Федерациясы жағынан елімізге қарай бет алған белгісіз жанды байқайды. Тез арада жақын жерде тұрған теректің тасасына жасырынған олар шекара бұзушыны жақындаған кезде қолға түсіреді. Сөйтсе, шекара шебінің тәртібін бұзушы көрші елдің азаматы екен.

Ал келесі оқиға қыстың қытымыр аязды күндерінің бірінде орын алыпты. Ресей Федерациясының шекара сақшыларынан елімізге қарай айыр қалпақты көршілеріміздің бірі қараңғы түнді жамылып, шекара шебінен өтіп кеткені туралы ақпарат түседі. Сол маңайда шекара нарядында болған аға сержант В.Максимюк Хантер қызметтік итімен және сержант А.Сейдалин шекараның түбінен сол сәтте табылады. Шекара асып, ел ішіне кірмек болған Қырғызстан Республикасының азаматы сол сәтте-ақ қолға түсіреді.

Шекара аймағының тәртібін бұзған әр азаматтың қадамын аттатпастан қолға түсіретін тектіліктің қаны бойында ойнаған бүгінгі таңның қырғидан да қырағы сақшыларын жоғарыдай тез әрі шұғыл шешім қабылдайтын шеберліктерімен Шекара қызметінің бөлімшелері арасында үлкен беделге ие болып жүр. Мерейлерің үстем болсын, ел тыныштығы үшін өмірлері мен қызметтерін арнаған жасыл күнқағарлылар!

**Бетті дайындаған**
**майор М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».**
**Суреттерді түсірген автор.**

ҚР-да қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің мемлекеттік тапсырысқа тәуелділігін төмендету жоспарлануда

Если в начале формирования Пограничной службы и других силовых ведомств страны особое внимание уделялось представителям старшего поколения, которые создавали и стояли у истоков становления, то сегодня акцент все больше делается на молодежь.

# ПО СТОПАМ ОТЦА

